

Өзірлеген: Алтынғалиев Н.А.	 A Teniz Service M-I SWACO Enterprise	Нөмірі және ағымдағы басылым: Element 2.1.1, бас.6, 13.05.2024 ж.
Қарастырылды: Жанбеков Т.Ж.		Бірінші нұсқаның шығарылған күні: 25.10.2009 ж.
Бекітті: Лацин Д.А.		Беттер: 1 ден 1
Атауы: САПА, ЕҢБЕКТИ ҚОРҒАУ, ӨНЕРКӘСІПТІК ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ		

"Kaz M-I" ЖШС-нің негізгі бағыттары: бұрғылау ерітінділерін өндіру және өткізу (Су, Мұнай және синтетикалық негіздерде), бұрғылау қалдықтарын қайта өңдеу, мұнай кәсіпшілігі өнімдерін, реагенттер мен құбыржол қоспаларын өндіру және жеткізу, ұңғыма оқпанын механикалық тазартуға арналған құралдарды жеткізу, инженерлік сүйемелдеу және зертханалық зерттеу болып табылады.

"Kaz M-I" ЖШС-нің ұзақ мерзімді жетістігі, біздің қызметтеріміз бен өнімдеріміздің сапасын үнемі жақсарту, сонымен бірге адамдарды, қоршаған ортаны қорғау, жазатайым оқиғалардың алдын алу мүмкіндігіне байланысты. Негізгі назар еңбек қауіпсіздігіне, денсаулықты, қоршаған ортаны қорғауға, көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға, жеткізілетін өнімнің сапасына және әлеуметтік орта алдындағы жауапкершілігіне аударылады.

"Kaz M-I" ЖШС-нің мүдделі тараптар алдында, атап айтқанда: тапсырыс берушілер, қызметкерлер, акционерлер, мердігерлер және біз тұрып жатқан және өз қызметін жүзеге асыратын әлеуметтік орта алдында тікелей жауапты.

Серіктестік басшылығы қауіпсіз өндірістің оң мәдениетін қалыптастыруда, сапа, экологиялық және өндірістік қауіпсіздік саласындағы мақсаттарды белгілеу мен іске асыруда маңызды рөл атқарады.

Серіктестіктің барлық қызметкерлері осы саясаттың және "Kaz M-I" ЖШС біріктірілген менеджмент жүйесінің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін жеке жауапты болады.

Біз серіктестігімізде келесі қағидаттары ұстанамыз:

- Біздің мүдделі тараптардың денсаулығын, еңбегін және қауіпсіздігін қорғауды жетілдіруге әрдайым ұмтылу;
- Жеке және ұсынылатын қызметтердің сапасын үнемі жетілдіру;
- Қолданыстағы заңнамаға сәйкес қалдықтарды анықтау, азайту және жою;
- Қоршаған ортаны ластауды болдырмау, табиғи ресурстарды тұтынуды қысқарту және шығарынды деңгейін төмендету арқылы қоршаған ортаға біздің әсерімізді барынша азайту;
- Көрсетілетін қызметтердің / жеткізілетін өнімнің сапасы сәйкес келмеген жағдайда түзету шараларын талдау, қолдану;
- Тапсырыс берушінің барлық талаптарына толық сәйкестігін және біздің жұмысымызға қанағаттанудың жоғары деңгейін қамтамасыз ету;
- Сапа, денсаулық, еңбек қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласында қол жетімді мақсаттарды орнату. Мақсаттарға қол жеткізуге кезеңді бағалау жүргізу, басшылық тарапынан қабылданған шешімдер мен бағалау нәтижелері бойынша қажетті процестерді жақсарту;
- Серіктестіктегі сапа, денсаулық, еңбек қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша тәуекелдерді төмендету бойынша бағалау мен іс-шараларды жүзеге асыру;
- Кез келген төтенше жағдайлардан және өндірістік қызметті бұзудан кейін инфрақұрылымға ден қою және қалпына келтіру;
- Біздің қызметтерді және/немесе өнімдерді жостарлау және ұсыну кезінде сапа, денсаулық, еңбек қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау аспектілеріне қатысты ұйымдастыру білімін қолдану;
- Серіктестіктің СҚЕҚ ӨжЭҚ бөлімінің талаптарына сәйкес келетін немесе одан асатын жеткізушілерді/мердігерлерді таңдау;
- Денсаулық сақтау, еңбек қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша қызметкерлермен консультациялар өткізу, сондай-ақ оларға өз өкілдерінің қатысуын қамтамасыз ету;
- Осы Саясат туралы барлық мүдделі тұлғаларды ақпараттандыру және оларды ерекше жетістіктері үшін көтермелеу.

Біріктірілген менеджмент жүйесінің (МБЖ) талаптарына, Қазақстан Республикасының еңбекті қорғау, еңбек қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау саласындағы қолданыстағы заңнамасына және мүдделі тараптардың үміттеріне сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында саясат жүйелі түрде қаралады.

Бұл саясат серіктестіктің барлық қызметкерлерінің, мүдделі тараптар мен жұртшылықтың назарына жеткізіледі, басшылық кезең-кезеңімен талдайды және жаңа өзгерістер мен сын-қатерлерге жауап ретінде түзетіледі.

"Kaz M-I" ЖШС Бас директоры

Лацин Д.А.

